

## БЕКІТЕМІН



Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ  
Басқарма Төрағасы – Ректоры

проф. Н.О. Дулатбеков

06 2022 ж.

### Бірлескен, оның ішінде қос дипломды білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру регламенті

#### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы регламент бірлескен, оның ішінде қос дипломды білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруға қойылатын шекті талаптарды сипаттайды.

1.2 Осы регламент Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-да білім беру бағдарламаларын жобалау және ресімдеу жөніндегі регламентпен үндеседі, сондай-ақ Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының 4-параграфының талаптарын (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы) ескереді.

1.3 Бірлескен білім беру бағдарламалары – екі серіктес университеттер қос диплом немесе бір диплом форматтарында әзірлейтін және іске асыратын бағдарламалар.

1.4 Қос диплом форматы серіктестердің тең қатысуын, бітірушілерге қос дәреже беруді және екі диплом беруді көздейді. Қос диплом бағдарламалары серіктес жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын салыстыруына және үндестіруіне, олардың мақсаттарға қол жеткізу, мазмұнды қамтамасыз ету, оқу процесін ұйымдастыру, дәрежелер мен біліктіліктер беру бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауына негізделген.

Бір диплом форматы ҚарУ-дың оқу процесіндегі жетекші рөлін көздейді, оның шеңберінде серіктес университеттің ресурстары тартылады, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық қағидастары қолданылады.

#### 2. Ұйымдастыру кезендері

2.1 Бірлескен білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру процесі 6 кезеңнен тұрады:

- 1) Бағдарлама бейінін таңдау.
- 2) Бағдарламаны бірлесіп іске асыру үшін серіктес жоғары оқу орнын таңдау.
- 3) Серіктес жоғары оқу орнымен бағдарламаның академиялық пайымын және оны іске асыру шарттарын келісу.
- 4) Бағдарламаның жобасын әзірлеу және оны мақұлдау.

5) Ынтымақтастық туралы меморандум жасасу.

6) Білім беру бағдарламаларының республикалық Тізілімінде өтінімді ресімдеу.

2.2 Бірлескен бағдарламаның бейінін таңдау талапкерлер мен жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие факторларға байланысты болуы тиіс. Осы тұрғыда бағдарламаның бірегейлігі, оның сыртқы ортадағы тартымдылық дәрежесі, білім беру қызметтерінің өңірлік нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі, қаржылық рентабельділігі, ҚарУ пайдасы бағалануы тиіс.

2.3 Серіктесті таңдау бірқатар параметрлерді ескере отырып жүргізілуі керек:

- аталған бейіндегі мамандарды даярлаудағы әлеуетті серіктестің тәжірибесі;

- әлемдік білім беру қоғамдастығындағы әлеуетті серіктестің беделі, әлемдік рейтингтердегі орны, белгілі түлектер мен оқытушылар құрамы;

- әлеуетті серіктестің бағдарламаны іске асыру үшін қажетті ҚарУ ресурстарының тапшылығын өтеу қабілеті.

2.4 Бірлескен бағдарламаның академиялық пайымын және оны іске асыру шарттарын келісу бірлескен талдамалық жұмыс жүргізуді көздейді және олар келесілерге мүмкіндік беруі тиіс:

1) оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін анықтау;

2) түлек моделін қалыптастыру;

3) оның кәсіби қызметінің саласын белгілеу;

4) бір-бірінің ресурстық мүмкіндіктерін бағалауға және бағдарламаны іске асыруға әркімнің үлесін айқындау, атап айтқанда, талап етілетін құзыреттер мәнмәтінінде әріптестердің кадрлық әлеуетін, кітапхана ресурстарының деңгейін, оқу-зертханалық базаның сапасын талқылау, білім алушылардың осы ресурстарға қол жеткізу шарттарын келісу;

5) оқыту тілдерін, оның ішінде ұлттық тілдер, қажет болған жағдайда шет тілі болуы мүмкін тілдерді айқындау;

6) оқыту технологиясын, сондай-ақ әрбір серіктес жоғары оқу орнына қатысты күндізгі және қашықтықтан оқыту режимінде оқыту үшін бөлінген академиялық сағаттардың/ кредиттердің, кезеңдердің арақатынасын келісу. Нәтижесінде әрбір серіктес жоғары оқу орны білім алушыларының қатысу формуласы қалыптастырылуы тиіс;

7) серіктес жоғары оқу орындарының білім алушыларға оқу жылының соңында транскрипт беру туралы, оқу аяқталғаннан кейін - транскриптпен бірге дәреже беру туралы диплом беру туралы міндеттемелерін келісу;

8) бағдарламаға қабылдау шарттарын, оның ішінде пререквизиттерді, түсу сынақтарының форматын, академиялық дәрежесінің, тілдік даярлық туралы сертификатының және т.б. болуын айқындау. Бұл ретте меморандумда білім алушыны оның жеке өтініші бойынша бірлескен бағдарламаға қабылдау туралы норманы қарастыру қажет; қос диплом бағдарламалары болған жағдайда білім алушы серіктес жоғары оқу орындарының әрқайсысына қабылдануы тиіс; шетелдік білім алушылар

«енгізілген білім» деген белгісі бар, оқу мерзімі, пәндер саны мен игерілетін кредиттер көлемі көрсетілген жалпы контингентпен қос диплом бағдарламасына қабылданады;

9) сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқыту нәтижелерін бағалау, оларды тану және қайта есептеу жүйесіне бірыңғай тәсілдер әзірлеу;

10) бірлескен қос диплом бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ҚР МЖМБС талаптары мен серіктес жоғары оқу орнының талаптарын міндетті сақтау туралы норманы көздеу;

11) пәндер тізбесін, сағаттар мен кредиттердің көлемін, оқудың академиялық кезеңдері мен орнын көрсете отырып, білім алушылардың жеке оқу жоспарын ресімдеуге қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу.

12) бітіру жұмысын дайындау және қорғау форматын нақтылау;

13) ҚР МЖМБС мен серіктес жоғары оқу орны талаптарының мәнмәтінінде бітіру сынақтарының форматын келісу;

14) тараптардың жауапкершілігін, оның ішінде білім алушыларды ұйымдастырушылық қолдау, жабдықтар сатып алуға, ұтқырлықты ұйымдастыруға, оқытушылардың еңбегіне ақы төлеуге және т.б. арналған жыл сайынғы нығыстар бойынша жауапкершілігін айқындау;

15) оқу ақысын төлеу схемасын анықтау;

16) медиа кеңістікте бағдарламаның серіктестік маркетингін жүргізуге өзара тиімді тәсілді әзірлеу.

2.5 Серіктес жоғары оқу орындары арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандумда бағдарлама форматының ерекшеліктері, осы регламенттің 2.4-тармағының талаптарына сәйкес бүкіл оқу мерзімі ішінде оны бірлесіп іске асырудың келісілген шарттары көрсетіледі.

2.6 Бағдарлама жобасын әзірлеу келісілген мақсаттар, күтілетін нәтижелер, түлек моделі мәнмәтінінде, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының республикалық Тізілімінің талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Осы кезеңде модульдер, пәндер, практика түрлері, ECTS кредит көлемі, қорытынды аттестаттау нысандары көрсетіле отырып, академиялық кезеңдер бөлінісінде бүкіл оқу мерзіміне арналған оқу жоспары қалыптастырылуы тиіс.

Бағдарлама жобасы Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-да білім беру бағдарламаларын жобалау және ресімдеу жөніндегі регламенттің талаптарында көзделген ақпаратты қамтуы тиіс.

Жаңа және инновациялық білім беру бағдарламалары жобасының келісілген редакциясы Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ Академиялық кеңесінде сараптамадан өтеді және мақұлдаған жағдайда білім беру бағдарламаларының республикалық Тізіліміне жүктеуге жіберіледі. Қолданыстағы білім беру бағдарламаларына қатысты олардың түрін республикалық Тізілімде өзгерту туралы өтінім беріледі.

3. Осы регламентті өзгерту Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы- Ректоры бекітеді.

Басқарма отырысында бекітілді Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, 09.06.2022ж. хаттама № 13.